

Көкшетау қаласы Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды  
балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған

мектеп-интернаты

**БҰЙРЫҚ №**

**Жас мамандарға тәлімгер  
тағайындау туралы**

2023-2024 оқу жылы көрсетілген ережелерге сай педагогикалық жас мамандарға тәлімгерлік тағайындау байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығымен бекітілген тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптардың негізінде жас маманға тәлімгер тағайындалсын:
  - Тарих пәнінің мұғалімі Әдей Жайнагүл, жас маман Темірбек Ислам Талғатұлы;
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жөніндегі орынбасары А.Мукашеваға жүктелсін.

Директор



А.Курмашева

Бұйрықпен таныстым: А.Б.Мукашева А.Б.Мукашева

Ж.Әдей Ж.Әдей

Т.Темірбек Т.Темірбек

## Тәлімгерлікті іске асыратын педагог туралы мәлімет

<b>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)</b>	Әдей Жайнагүл
<b>Білімі</b>	Жоғары
<b>Қандай оқу орнын қашан бітірді</b>	Көкшетау университеті, 1997 жыл
<b>Дипломы бойынша мамандығы</b>	Саясаткер және тарих пәнінің мұғалімі
<b>Педагогикалық өтілі</b>	26 жыл
<b>Лауазымы</b>	Тарих пәні мұғалімі
<b>Тәлімгер жұмыс істейтін сыныптар</b>	8 «А,Б»;9 «А»; 11 «А,Б,В»
<b>Біліктілік санаты</b>	Педагог зерттеуші
<b>Жұмыс мақсаты</b>	-жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру – әдістемелік жағдай жасау,біліктілік қызметіне табысты пайдалу үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру
<b>Міндеттері</b>	-жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуіне жағдай жасау;  - әр күннің, аптаның қорытындысы бойынша күнде әңгімелесіп және пайда болған мәселелерді шешуге көмектесу; аттестациялық комиссияға сарапшылық тұжырым береді; - мектеп әкімшілігін жас маманның машықтануы туралы хабарлар ету;
<b>Жұмыстың негізгі бағыттары</b>	-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс; -мектеп құжаттамасымен жұмыс істеуге көмек; -жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру; -оқу сабақтарын ұйымдастыруға көмек; -БЖБ, ТЖБ жасауға және талдауға көмек; -өзара сабаққа қатысу. -мұғалімнің білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдануға ұсыныс беру
<b>Қорытынды</b>	Жас маманның педагогикалық қызметін бағалау. Жүргізілген жұмыс туралы бірлескен есеп.

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)  
дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған  
мектеп - интернаты  
2023-2024 оқу жылы**

**Тәлімгердің педагогтің жас маманмен жасаған жұмысы туралы есебі**

Жас маманмен жұмыс — жас маманның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі болғандықтан, білім беру үдерісіндегі маңызды жұмыстардың бірі. Педагог алға қойған мақсатқа жету үшін үнемі шығармашылықпен жұмыс жасап, педагогикалық құзыреттілігін дамытып отыруы қажет. Осы мақсатта «Жас ұстаз мектебі» әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес, 2023-2024 оқу жылының басында жас маман Темірбек Ислам Талғатұлына тәлімгер боп тағайындалып, жас маманға барлық әдістемелік көмек жұмыс жасадым.

Жас маман туралы мәлімет

<b>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)</b>	Темірбек Ислам Талғатұлы
<b>Білімі</b>	Жоғары күндізгі
<b>Қандай оқу орнын қашан бітірді</b>	Ш.Уәлиханов атындағы «Көкшетау Университеті» КеАҚ, 2022 ж
<b>Педагогикалық практика қорытындысы</b>	100/100 Өте жақсы
<b>Лауазымы</b>	Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп –интернатының тарих пәнінің мұғалімі
<b>Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары</b>	7,9,10 сыныптар
<b>Сынып жетекшілігі</b>	-
<b>Біліктілік санаты</b>	санатсыз

Педагогикалық іс-әрекет аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі.

Педагогикалық іс-әрекет-аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі.

анықтайды». Әдіскер немесе тәлімгер және жас маман нақты өлшенетін, ықтимал, колжетімді және уақтылы кәсіби даму міндеттерін бірлесе анықтайды.

Тәлімгер уәжін, бейімділігін, қызығушылықтарын, танымдық үдерістерін ғана емес, сонымен бірге «жас маман тәжірибесіндегі қиындықтар тұрғысындағы жеке күйзелісін анықтап, іс жүзіндегі жағдайы туралы пікірін» біледі.

Жас маман бойындағы кәсіби-тұлғалық қасиеттерді дамыту мақсатына жетуде әдіскер мен жас маман арасындағы өзара сенімділік маңызды роль атқарады.

<b>Тәлімгердің жас маманмен қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және мазмұны бойынша іс-шаралар</b>	
<b>Жұмыс жоспары</b>	-жас маманның табысты бейімделу үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау; Біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кісіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру
<b>Міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- оқу- тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;</li><li>- шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;</li><li>- үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.</li></ul>

#### **2023-2024 оқу жылының 1 жарты жылдық жоспарға сай орындалған жұмыстар.**

30.08.2023 ж. және 01.09.2023 ж. Сабақтың құрылымын үйрету мақсатында күнтізбелік – тақырыптық жоспардың құрылуы туралы кеңес берілді.

11.09. «Менің кіші Отаным» облыстық шығармашылық сайысқа оқушыларды дайындауға әдістемелік көмек берілді.

11.09 – 29.09 БЖБ мен ТЖБ жұмыстарын құрастыру үлгілері ұсынылды.

09.10 . 10 сыныптарды ұбт ға дайындау бойынша тест әдістемелік көмек ретінде дайын үлгісі берілді.

23.10.23 . Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысын құрастыру бойынша үлгі және кеңес берілді.

Мектепшілік пәндік олимпиаданы өткізу бойынша кеңес пен олимпиада материалдары берілді.

Облыстық олимпиадаға оқушыларды дайындауға тапсырмалар берілді дайын.

Алдағы уақытта жас маманмен жоспарланған жылдық жұмыс жоспары әрі қарай іске асуда .

Жалпы қорыта келгенде, Темірбек Ислам Талғатұлы педагогикалық жұмысқа бейімі бар, әр іске жауапкершілікпен қарайды. Келешекте жақсы ұстаз болатынына сенімдімін.

Тәлімгер: тарих пәнінің мұғалімі, педагог –зерттеуші, тарих ғ. магистрі  
Әдей Жайнағұл

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)  
дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған  
мектеп - интернаты  
2023-2024 оқу жылы**

**Тәлімгердің педагогтің жас маманмен жасаған жұмысы туралы есебі**

2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдық жоспарға сай орындалған жұмыстар.

**Тәлімгерлік жұмыстың бастамасы ретінде мақсатым, жас маманның табысты бейімделу үшін ұйымдастыру әдістемелік жағдай жасау, біліктілігі қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру**

**Мақсатқа сай міндеттері:**

- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
- жас маманның оқыту
- жас маманның оқу- тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
- жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау

-үздіксіз білім алуға қажеттік пен ынталандыруды дамыту болды.

**Ислам Талғатұлымен жасалған жұмыстың негізгі бағыттары:**

- пайдаланылатын нормативтік құқықтық құжаттар мен жұмыс барысында пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталу,

- лауазымдық міндеттерін орындау кезінде ұсынымдар беру:

- мектеп құжаттарымен жұмыс жасауда көмек беру, яғни электронды журнал Kundelik.kz. қосымша оқыту құралдары Online Mektep.kz, Bilimland.kz

- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;

- сабақты ұйымдастыруға көмек беруде, сабақтың құрылымы, сабақты жоспарлау мәселелеріне баса назар аудару;

- педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу;

- мұғалімнің білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдануға ұсыныс беру .

2 жарты жылдықта жас маманмен жұмыс жоспарға сай жүргізіліп, Ислам Талғатұлына мектеп міндеті ұйымдастырылған шығармашылық топтардың ашық сабақтары мен шебер сыныптарына өзара қатысудан басталды. Ислам Талғатұлы « SMART» шығармашылық тобының мүшесі ретінде 2024 жылдың 16 қаңтарда 10 Б сыныбына «Түркі империясы-көшпенділер мемлекеттілігінің үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Кюар код арқылы үй тапсырмасын тексерді. Рандомус арқылы топқа бөлу. Суреттер арқылы ой шақыру оқушыларды сабаққа ынтасын арттырды. Мұғалім сабаққа шолу жасап, топтарға тапсырма берілді. Мәтінмен жұмыс жасап, сұрақтарға жауап беріп отырды оқушылар. Топты бағалау 10 ұпаймен. Сабақта оқушылар өз деңгейінде білімдерін көрсетті. Топтық , жұптық жұмыстар жүргізілді. 19 қаңтар сыныптан тыс «Тарихты білу - ұрпақ парызы» 9-10 сыныптарда жоғары деңгейде өтті.

Жас маманның өткізген ашық сабағана әдістемелік көмек жасалып, әсіресе оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету мен оқушылардың бүкіл сабақ бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылауын ұйымдастыру жолдары анықталып, өткізілген сабаққа талдау жасалды.

Жоспар бойынша анықталған жұмыстың бірі БЖБ және ТЖБ кестелерін құруға әдістемелік көмек беру және БЖБ және ТЖБ талдауларын жасауға көмек көрсету болған. Осы орайда жас маманның жиынтық бағалау тапсырмаларының қиындық деңгейі мен кейінгі жасалатын талдау жұмыстары мен папка жүргізу ерекшеліктері айтылып, іс жүзінде орындалды. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын даярлауда оның спецификасының маңызды рөл атқаратыны анықталып, тоқсан бойы өткізілген оқу

мақсаттарына сай оқушылардың деңгейі мен уақыт ережелері ескерілу қажеттігі туралы ақпарат берілді. Сол сияқты талдау жасау мен бағаларды электронды журналға уақытылы түсіру, жиынтық бағалау тапсырмаларын тексерудегі ережелер мен ескертулерді болдырмау мақсатында демонстрациялық – талдау жұмыстары өткізілді. Оқушылардың сабақ барысында жүргізілген жұмысын бағалау, яғни қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруда бірнеше ұсыныстар айтылды. Оған қоса оқушылардың дәптерлеріндегі тапсырмаларды орындалуы да баса назар аударылды.

Оқушылардың әртүрлі сайыстарға шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында жас маманмен қосымша сабақтар мен консультациялар жүргізуге болатыны туралы кеңестер беріліп, орындалып отырды. Әсіресе аралық аттестация мен қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстарын ұйымдастыруға әдістемелік дайын тесттер беріліп отырылды. Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылығын анықтауда қосымша тапсырмалар беру бағытталды. Осы орайда келесі оқу жылына ғылыми жобалар сайысы мен пәндік олимпиадаға қатысушы оқушылардың резервісі құрылды. 2023-2024 оқу жылы жасалған жұмыс негізінде Ислам Талғатұлы барлық материалдар, яғни өткізілген ашық сабақтар, зияткерлік сайыстар, марапаттаулар мен сертификаттарды жинақтап, арнайы папка-бума жасалу ұсынылды.

Қорытындылай келе, тәлімгердің жас маманмен атқарылған жұмысының формалары :

- жеке, ұжымдық, кеңес беру;
- сабақтарға қатысу;
- шебер-сыныптар, семинарлар, ашық сабақтар;
- тәлімгерлік;
- саулнама;

**Алдағы уақытта қойылатын міндеттері:**

- ✓ Білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес білім, шеберлік және дағды алуын қамтамасыз етуде өз біліктілігін арттыру және жаңа технологияларды пайдалану.
- ✓ Жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сабақтарында қолданысқа енгізу.
- ✓ Зерттеу және тәжірибелік кезеңінде сабаққа қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету, оқушылардың барлық сабақ бойы рефлексия мен өзін – өзі бақылауын және бағалауын ұйымдастыру

Жасалған жұмыс негізінде Ислам Талғатұлы алдағы уақытта өз мамандығына жауапкершілікпен қарайтын білімді де білікті ұстаз атанатынына кәміл сенемін.

**Тәлімгер:** тарих пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші, тарих ғ. магистрі  
Әдей Жайнагүл

## Тәлімгерлік жоспары 2023-2024 оқу жылы

### Жас маман туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Темірбек Ислам Талғатұлы
Білімі	Жоғары күндізгі
Қандай оқу орнын қашан бітірді	Ш.Уәлиханов атындағы «Көкшетау Университеті» КеАҚ, 2022 ж
Педагогикалық практика қорытындысы	100/100 Өте жақсы
Лауазымы	Көкшетау қаласы , Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп –интернатының тарих пәнінің мұғалімі
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	7 «А,Б», 9 «Б» , 10 «А,Б» -сыныптар Дебат үйірмесі
Сынып жетекшілігі	-

2023-2024 оқу жылындағы тәлім алушының Темірбек Ислам Талғатұлының жеткен жетістіктері бойынша есеп

**Оқушылардың жетістіктері/достижения учащихся**

Облыстық «Менің отаныма-менің бастамам» шығармашылық жобалау байқауы  
**III дәрежелі диплом**  
 Саркен Айғаным



VI облыстық «Менің шағын Отаным» интеллектуалдық байқауы

**II дәрежелі диплом**  
 Исламбекова Аружан



**II дәрежелі диплом**  
 VI облыстық «Менің шағын Отаным» интеллектуалдық байқауы  
 Байқадам Жансұлу



**II дәрежелі диплом**  
 «Тарихқа құрмет – ұрпаққа міндет» тарих апталығы аясында №19, НЗМ, Дарын мектептері оқушыларының қатысуымен өткізілген «Кім? Қашан? Қайда?» зияткерлік сайысы «Алаш рухы» тобы





### Ш дәрежелі диплом

2023-2024 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларының арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің «Құқық негіздері» пәні бойынша жүлдегері Байқадам Жансұлу

### Грамота

2023-2024 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларының арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қалымтай Айша



### Ш дәрежелі диплом

Облыстық «Ясауитану-2024» оқуларының жүлдегері  
Үсен Қазына



### Сертификат

«Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қатысушысы  
Климович Валерия

### Сертификат

«Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қатысушысы  
Кибирева Дарья



## Мұғалімнің жетістіктері/достижения учителя

### Алғыс хат

«Менің Отаныма-менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауына шәкірт дайындағаны үшін.



### Сертификат

«Мектеп оқушылары арасындағы облыстық пікір – сайыс турниріне» қатысқаны үшін

### Сертификат

«Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының желілік басылымына оқу әдістемелік материал жариялағаны үшін



### Куәлік

«Lesson Study зерттеуінің негіздері» семинарда 24 сағат көлемінде білім алды.

